

2012 - 2014 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 24 қарашадағы № 496-IV Заңы

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 27-баптан қараңыз.

1-бап. 2012 – 2014 жылдарға арналған республикалық бюджет тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2012 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

- 1) кірістер – 4 729 852 668 мың теңге, оның ішінде:
салықтық түсімдер бойынша – 2 951 663 443 мың теңге;
салықтық емес түсімдер бойынша – 241 253 675 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша – 19 698 025 мың теңге;
трансферттер түсімдері бойынша – 1 517 237 525 мың теңге;
- 2) шығындар – 5 301 003 844 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредит беру – 50 758 465 мың теңге, оның ішінде:
бюджеттік кредиттер – 174 515 975 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 123 757 510 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 361 236 077 мың теңге,
оның ішінде:
қаржы активтерін сатып алу – 361 746 077 мың теңге;
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 510 000 мың теңге;
- 5) тапшылық – -983 145 718 мың теңге немесе елдің жалпы ішкі өнімінің 3,1 пайызы;
- б) бюджет тапшылығын қаржыландыру – 983 145 718 мың теңге.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.11.20 № 51-V (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2-бап. 2012 жылға арналған республикалық бюджетте Ресей Федерациясының «Байқоңыр» кешенін пайдаланғаны үшін 17 077 500 мың теңге сомасында және әскери полигондарды пайдаланғаны үшін 3 680 721 мың теңге сомасында жалдау ақыларының түсімдері көзделсін.

3-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына жіберілетін 2012 жылға арналған бюджетке түсетін түсімдердің көлемі 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4-бап. Тиісті бюджеттің кірісіне мыналар есептелетін болып белгіленсін: бірыңғай бюджеттік сыныптаудың кірістер сыныптамасының «Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық» коды бойынша – жер қойнауын пайдаланушылардың роялти бойынша берешегі, сондай-ақ салық режимі тұрақтылығының кепілдігі сақталған, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша роялти;

бірыңғай бюджеттік сыныптаудың кірістер сыныптамасының «Әлеуметтік салық» коды бойынша – бұрын Зейнетақы қорына, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа, Міндетті медициналық сақтандыру қорына, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорына аударылып келген жарналар бойынша берешек, сондай-ақ автомобиль жолдарын пайдаланушылардың бұрын Жол қорына түсіп келген аударымдары.

Бұл ретте салық режимі тұрақтылығының кепілдігі сақталған, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша қызметті жүзеге асыратын салық төлеушілер жоғарыда көрсетілген аударымдарды немесе әлеуметтік салықты «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес есептелген Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдардың сомасына азайтады;

«Өндірушілер көтерме саудада өткізетін, өзі өндіретін бензин (авиациялық бензинді қоспағанда)» коды бойынша – бұрын Жол қорына түсіп келген бензиннен алынатын а л ы м б о й ы н ш а б е р е ш е к ;

«Өндірушілер көтерме саудада өткізетін, өзі өндіретін дизель отыны» коды бойынша – бұрын Жол қорына түсіп келген дизель отынынан алынатын алым бойынша б е р е ш е к .

5-бап. Жұмыс берушілер еңбекке уақытша жарамсыздығы, жүктілігі мен босануы бойынша, бала туған кезде, жерлеуге есептеген, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленіп келген жәрдемақы сомаларының аталған қорға аударымдардың есептелген сомаларынан асып түсуі нәтижесінде 1998 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құралған теріс сальдо ай сайын жалақы қорының 4 пайызы шегінде әлеуметтік салық төлеу есебіне жатқызылады.

6-бап. 2012 жылға арналған республикалық бюджетте облыстық бюджеттерден, Алматы қаласының бюджетінен республикалық бюджетке бюджеттік алып қоюлардың көлемі 102 114 759 мың теңге сомасында көзделсін, оның ішінде:

Атырау облысынан	–	39 467 955	мың теңге;
Маңғыстау облысынан	–	16 076 180	мың теңге;
Алматы қаласынан	–	46 570 624	мың теңге.

7-бап. 2012 жылға арналған республикалық бюджетте облыстық бюджеттерден, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен трансферттердің түсімдері м ы н а л а р д ы :

көлік құралдарын мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу жөніндегі функциялар мен өкілеттіктерді – 55 913 мың теңге;
«Арлан» арнайы мақсаттағы бөлімшесін – 921 164 мың теңге;
республикалық маңызы бар мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары үшін қан, оның компоненттері мен препараттарын өндіру жөніндегі функцияларды – 864 612 мың т е ң г е ;

жергілікті атқарушы органдардың:

мемлекеттік сәулет-құрылыстық бақылау және лицензиялау мәселелері жөніндегі өкілеттіктерін – 756 683 мың теңге;
педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру мәселелері жөніндегі өкілеттіктерін – 1 520 109 мың теңге;

халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін ұйымдастыру жөніндегі өкілеттіктерін – 10 331 275 мың теңге – беруге байланысты көзделсін.

Облыстық бюджеттерден, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен трансферттердің аталған сомаларының республикалық бюджетке түсімдері Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.03.16 № 6-V (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

8-бап. 2012 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан кепілдендірілген трансферттің мөлшері 1 380 000 000 мың теңге сомасында көзделсін.

Ескерту. 8-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.03.16 № 6-V (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

9-бап. 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап:

- 1) жалақының ең төменгі мөлшері – 17 439 теңге;
- 2) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері – 8 720 теңге;
- 3) зейнетақының ең төменгі мөлшері – 17 491 теңге;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ айыппұл санкцияларын, салықтар мен басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 1 618 теңге;
- 5) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы 17 439 теңге болып белгіленсін.

10-бап. Зейнетақы төлемдерін алушыларға жинақтаушы зейнетақы қорларындағы міндетті зейнетақы жарналарының нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналары мөлшерінде сақталуы жөніндегі мемлекеттің кепілдіктерін алушының зейнетақы төлемдеріне құқықты иеленуі кезіндегі инфляцияның деңгейін ескере отырып орындау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 002 «Азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қамсыздандыру» республикалық бюджеттік бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

11-бап. 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап әскери қызметшілерге (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа) және арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары қызметкерлеріне тұрғын үйді күтіп-ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге ақшалай өтемақының айлық мөлшері 3 739 теңге сомасында белгіленсін.

Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.13 N 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

12-бап. 2012 жылға арналған республикалық бюджетте республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге, Астана қаласының бюджетіне берілетін субвенциялар көлемі 880 645 461 мың теңге сомасында көзделсін, оның ішінде:

Ақмола облысына	–	53 579 911	мың теңге;
Ақтөбе облысына	–	31 721 533	мың теңге;
Алматы облысына	–	103 882 787	мың теңге;
Шығыс Қазақстан облысына	–	89 595 453	мың теңге;
Жамбыл облысына	–	85 094 218	мың теңге;
Батыс Қазақстан облысына	–	17 113 055	мың теңге;
Қарағанды облысына	–	61 399 259	мың теңге;
Қостанай облысына	–	52 272 915	мың теңге;
Қызылорда облысына	–	71 593 511	мың теңге;
Павлодар облысына	–	28 929 362	мың теңге;
Солтүстік Қазақстан облысына	–	50 717 343	мың теңге;
Оңтүстік Қазақстан облысына	–	216 436 264	мың теңге;
Астана қаласына	–	18 309 850	мың теңге.

13-бап. Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне:

- 1) көші-қон полициясының қосымша штат санын ұстауға, материалдық-техникалық ж а р а қ т а н д ы р у ғ а ;
 - 2) режимдік стратегиялық объектілерге қызмет көрсетуді жүзеге асыратын штат с а н ы н ұ с т а у ғ а ;
 - 3) оралмандарды уақытша орналастыру орталығын және оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығын күтіп ұстауға және материалдық-техникалық ж а р а қ т а н д ы р у ғ а ;
 - 4) жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;
 - 5) жаңадан іске қосылатын спорт объектілерін күтіп-ұстауға;
 - 6) спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың мұғалімдеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы мөлшерін ұлғайтуға;
 - 7) эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге;
 - 8) ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын аса маңызды топтық және оқшау сумен жабдықтау жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің қ ұ н ы н с у б с и д и я л а у ғ а ;
 - 9) алып тасталды - ҚР 2012.11.20 № 51-V (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі)
- З а ң ы м е н ;**
- 10) тұқым шаруашылығын қолдауға;
 - 11) асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдауға;
 - 12) мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды с у б с и д и я л а у ғ а ;
 - 13) мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін;

14) азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыруға;
14-1) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді ұйымдастыруға және
ж ү р г і з у г е ;

15) арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсетуге;

16) облыстық, аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді мекендер
көшелерін күрделі және орташа жөндеуге;

17) метрополитенмен жолаушылар тасымалдарын субсидиялауға;

17-1) моноқалаларды жайластыру мәселелерін шешуге;

18) қылмыстық-атқару жүйесі мемлекеттік мекемелері жалпы білім беретін
мектептерінің педагог қызметкерлері штат санының берілуіне байланысты;

19) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын
і с к е а с ы р у ғ а ;

20) Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға
арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға;

21) қорғаншыларға (қамқоршыларға) жетім баланы (жетім балаларды) және
ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап-бағу үшін ай сайын
а қ ш а қ а р а ж а т ы н т ө л е у г е ;

22) техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарының оқу-өндірістік
шеберханаларын, зертханаларын жаңартуға және қайта жабдықтауға;

23) мектеп мұғалімдеріне және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының
тәрбиешілеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы мөлшерін ұлғайтуға;

24) өндірістік оқытуды ұйымдастыру үшін техникалық және кәсіптік білім беру
ұйымдарының өндірістік оқыту шеберлеріне қосымша ақы белгілеуге;

25) «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДБҰ-ның оқу бағдарламалары бойынша
біліктілікті арттырудан өткен мұғалімдерге төленетін еңбекақыны арттыруға;

26) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз етуге және
к е ң е й т у г е ;

26-1) жаңадан іске қосылатын денсаулық сақтау объектілерін күтіп-ұстауға;

27) жергілікті деңгейде медициналық денсаулық сақтау ұйымдарын
материалдық-техникалық жарақтандыруға;

28) тұрғын үй көмегін көрсетуге 2012 жылға арналған ағымдағы нысаналы
трансферттерді бөлу және (немесе) пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасы
Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

**Ескерту. 13-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.03.16 № 6-V (2012.01.01 бастап
қолданысқа енгізіледі), 2012.11.20 № 51-V (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі)
З а ң д а р ы м е н .**

1 4 - б а п . М ы н а д а й :

1) ауыл шаруашылығын қолдауға берілетін кредиттер бойынша сыйақы ставкасын
с у б с и д и я л а у ;

2) ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді басқару жүйелерін субсидиялау;
3) астықты экспорттау кезінде көлік шығыстарына жұмсалатын шығындар құнын
а р з а н д а т у ;

4) «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде өңірлерде жеке
к ә с і п к е р л і к т і қ о л д а у ;

5) «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде жобаларды іске асыру, сондай-ақ
жергілікті өзін-өзін басқаруды мемлекеттік қолдау;

6) облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне
кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне жөндеу жүргізуге кредит беру бағыттары
бойынша іске асырылатын қаражатты бөлу және (немесе) пайдалану тәртібі Қазақстан
Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

15-бап. Жұмыспен қамту – 2020 бағдарламасын іске асыруға арналған қаражатты
бөлу Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

16-бап. Азаматтардың денсаулығын сақтау мәселелері бойынша сектораралық және
ведомствоаралық өзара іс-қимылды іске асыруға 2012 жылға арналған қаражатты бөлу
Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

17-бап. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін базалық
қаржыландыру бойынша қаражатты бөлу Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі
н е г і з і н д е а й қ ы н д а л а д ы .

18-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылға арналған резерві 92 208 383
мың теңге сомасында бекітілсін.

Ескерту. 18-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.11.20 № 51-V (2012.01.01 бастап
қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

19-бап. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі шығындарының
құрамында мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыруға және сақтауға 11 639
691 мың теңге сомасында, оның ішінде республикалық бюджет кірістерінде жаңарту
тәртібімен шығарылған материалдық құндылықтарды өткізуден түскен қаражатты
көрсете отырып, 6 690 311 мың теңге сомасында қаражат көзделгені ескерілсін.

Ескерту. 19-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.03.16 № 6-V (2012.01.01 бастап
қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

20-бап. Қарыз алушы қайтыс болған не оны қаза болды деп жариялаған жағдайда,
мемлекеттік білім беру кредиттері және студенттік кредиттер бойынша Қазақстан
Республикасы Үкіметінің талаптары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап тоқтатылады деп
б е л г і л е н с і н .

21-бап. 2012 жылға арналған республикалық бюджетте Республикалық бюджеттік
комиссияның оң ұсынысы болған күннен бастап алты ай ішінде бюджеттік
бағдарламалар әкімшілерінің жетіспейтін құжаттаманы табыс етуі туралы кейінге
қалдыру шартымен бюджеттік инвестицияларды іске асыру көзделсін, ол аталған шарт
сақталмаған кезде түзетілуге жатады.

22-бап. 2012 жылға арналған республикалық бюджетте мемлекет кепілдік берген қарыздарды өтеу және оларға қызмет көрсету үшін 363 970 мың теңге көзделсін.

23-бап. 2012 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерін беру лимиті 60 000 000 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

24-бап. 2012 жылғы 31 желтоқсанға үкіметтік борыш лимиті 3 900 000 000 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

25-бап. 2012 жылы мемлекеттің кепілгерлік беру лимиті 50 000 000 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

25-1-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің концессиялық міндеттемелерінің лимиті 2012 жылы қолданылмайды деп белгіленсін.

Ескерту. Заң 25-1-баппен толықтырылды - ҚР 2012.11.20 № 51-V (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

26-бап. 2012 жылға арналған республикалық бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын республикалық бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 5-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2012 жылға арналған жергілікті бюджеттерді атқару процесінде 6-қосымшаға сәйкес жергілікті бюджеттік бағдарламалар секвестрлеуге жатпайды деп белгіленсін.

27-бап. Осы Заң, 2011 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 21-бапты қоспағанда, 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Н. НАЗАРБАЕВ

"2012 - 2014 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы"

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

2011 жылғы 24 қарашадағы

№ 496 - IV Заңына

1-ҚОСЫМША

2012 жылға арналған республикалық бюджет

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР 2012.11.20 № 51-V (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Санаты		Атауы	Сомасы, мың теңге
	Сыныбы		
	Ішкі сыныбы		
1		2	3
		I. Кірістер	4 729 852 668
1		Салықтық түсімдер	2 951 663 443
	1	Табыс салығы	1 081 223 700

	1	Корпорациялық табыс салығы	1 081 223 700
5		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	1 134 757 954
	1	Қосылған құн салығы	886 943 339
	2	Акциздер	25 711 062
	3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	214 028 980
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	3 190 500
	5	Ойын бизнесіне салық	4 884 073
6		Халықаралық сауда мен сыртқы операцияларға салынатын салықтар	721 843 486
	1	Кеден төлемдері	704 619 314
	2	Халықаралық сауда мен операцияларға салынатын басқа да салықтар	17 224 172
7		Басқа да салықтар	2 335
	1	Басқа да салықтар	2 335
8		Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	13 835 968
	1	Мемлекеттік баж	13 835 968
2		<i>Салықтық емес түсімдер</i>	<i>241 253 675</i>
1		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	208 005 053
	1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	3 700 000
	3	Мемлекет меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер	167 751 082
	4	Мемлекет меншігіндегі, заңды тұлғалардағы қатысу үлесіне кірістер	33 208
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	27 169 959
	6	Бюджет қаражатын банк шоттарына орналастырғаны үшін сыйақылар	343 900
	7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	1 477 735
	9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	7 529 169
2		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	1 498 055
	1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	1 498 055
3		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	17 743
	1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	17 743

4		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	16 020 348
	1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	16 020 348
	5	Гранттар	1 199 526
	2	Қаржылық көмек	1 199 526
	6	Басқа да салықтық емес түсімдер	14 512 950
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	14 512 950
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	19 698 025
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	257 714
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	257 714
	2	Мемлекеттік материалдық резервтен тауарлар сату	19 440 311
	1	Мемлекеттік материалдық резервтен тауарлар сату	19 440 311
4		Трансферттердің түсімдері	1 517 237 525
	1	Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан алынатын трансферттер	137 237 525
	1	Облыстық бюджеттерден, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен алынатын трансферттер	137 237 525
	4	Ұлттық қордан трансферттер	1 380 000 000
	1	Республикалық бюджетке Ұлттық қордан трансферттер	1 380 000 000
		II. Шығындар	5 301 003 844
1		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	235 948 833
	101	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі	3 406 075
	001	Мемлекет басшысының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	2 963 119
	002	Мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының стратегиялық аспектілерін болжамды-талдамалық қамтамасыз ету	192 867
	003	Мұрағат қорының, баспа басылымдарының сақталуын қамтамасыз ету және оларды арнайы пайдалану	205 373
	005	Ведомстволық бағыныстағы мекемелердің күрделі шығыстары	44 716
	102	Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы	9 727 805
	001	Қазақстан Республикасы Парламентінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	9 720 646
	090	Заң жобаларын әзірлеу бойынша әлеуметтік зерттеулер	7 159
	104	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі	2 161 311
	001	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 700 171
	011	Назарбаев орталығының қызметін қамтамасыз ету	461 140

106		Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық	65 436
	001	Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуы жөніндегі қызметтер	65 016
	002	Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың күрделі шығыстары	420
201		Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі	16 146
	002	Елдің қоғамдық тәртіп саласындағы саяси мүдделерін қамтамасыз ету	16 146
204		Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі	35 813 410
	001	Сыртқы саяси қызметті үйлестіру жөніндегі қызметтер	5 369 321
	003	Мемлекеттік шекараны делимитациялау және демаркациялау	220 674
	004	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің күрделі шығыстары	1 293 322
	005	Шетелдік іссапарлар	2 802 146
	008	Шетелдегі дипломатиялық өкілдіктердің арнайы, инженерлік-техникалық және нақты қорғалуын қамтамасыз ету	70 537
	009	Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерін орналастыру үшін шетелде жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алу және салу	2 345 706
	010	Шетелде Қазақстан Республикасының мүддесін білдіру	17 531 744
	013	Халықаралық ұйымдарында, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының жарғылық және басқа органдарында Қазақстан Республикасының мүддесін білдіру	203 331
	017	Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдарға, өзге де халықаралық және басқа органдарға қатысуы	5 947 629
	018	Қазақстан Республикасында аккредиттелген халықаралық ұйымдардың өкілдіктеріне кеңселік үй-жайларды жалдау төлемі	29 000
215		Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі	27 345 076
	024	Жеке және заңды тұлғаларға «жалғыз терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсететін халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	15 580 082
	025	Байланыс операторларының басқару жүйесін және желілердің мониторингін сүйемелдеу	377 306
	027	Қазақстан Республикасының орбиталды-жиілік ресурсын координациялау және халықаралық-құқықтық қорғау	152 216
	036	Ақпараттық-коммуникациялық желілердің мониторингі жүйесін сүйемелдеу	280 480
	039	Ведомствоаралық ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету	6 130 715
	040	Мемлекеттік органдардың ақпараттық инфрақұрылымын құру	2 838 681
	042	Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар қызметінің ақпараттық технологияларды қолдану тиімділігін бағалауды жүргізу жөніндегі қызметтері	56 397
	043	«Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер базасын дамыту	613 075

	050	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталықтарын құру үшін берілетін нысаналы даму трансферттері	1 316 124
217		Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі	71 938 599
	001	Бюджеттік жоспарлауды, мемлекеттік бюджеттің атқарылуын және оның атқарылуын бақылауды қамтамасыз ету	51 283 441
	002	Халықаралық қаржы ұйымдары қаржыландыратын инвестициялық жобалардың аудитін жүзеге асыру	23 000
	003	Тарату және банкроттық рәсімдерді жүргізу	87 141
	008	Бюджеттік инвестициялық жобаларға мониторинг жүргізу	58 863
	009	Кинология орталығының қызметтері	118 936
	014	Кеден қызметін жаңғырту	942 120
	016	Жекешелендіру, мемлекеттік мүлікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет, осымен байланысты дауларды реттеу	426 925
	019	Жеңілдікті тұрғын үй кредиттері бойынша бағамдық айырманы төлеу	18 494
	021	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің күрделі шығындары	1 477 894
	023	Кедендік сараптама жүргізу	24 440
	025	Оқу-әдістемелік орталығының қызметтері	87 940
	026	Кедендік бақылау және кедендік инфрақұрылым объектілерін салу	2 381 202
	027	Меншікке мониторинг жүргізу және оның нәтижелерін пайдалану	283 838
	031	«КААЖ» және «Электрондық кеден» ақпараттық жүйесін құру	735 373
	033	«Электрондық мемлекеттік сатып алу» автоматтандырылған интеграцияланған ақпараттық жүйесін дамыту	83 105
	036	Салық заңнамасын өзгертуге байланысты салық органдарының ақпараттық жүйелерін жаңғырту	6 958 898
	040	Салық органдарының ақпаратты қабылдау және өңдеу орталықтарын құру	4 491
	061	«е-Қаржымині» интеграцияланған автоматтандырылған ақпараттық жүйесін жасау	1 485 000
	067	Саяси партияларды қаржыландыру	3 473 132
	070	«Байқоңыр» кешенінің жалға алынған мүлігін есепке алу	22 342
	072	Салық әкімшілігін жүргізуді реформалау	199 526
	073	Қазынашылықтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін дамыту және «Қазынашылық-клиент» компонентін құру	1 573 498
	104	Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес	189 000
220		Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі	7 235 355
	001	Экономика және сауда саясатын, мемлекеттік жоспарлау мен басқару жүйесін қалыптастыру және дамыту жөніндегі қызметтер	3 639 094

005	Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыруды жетілдіру жөніндегі қызметтер	47 823
006	Бюджеттік инвестициялар және концессия мәселелері бойынша құжаттаманы бағалау және сараптау	302 643
010	Қазақстан Республикасының егемен кредиттік рейтингін қайта қарау мәселелері бойынша халықаралық рейтингтік агенттіктерімен өзара іс-қимыл	31 220
011	Халықаралық ұйымдармен бірлесіп жүзеге асырылатын жобаларды зерттеулерді іске асыруды қамтамасыз ету	1 298 250
012	Өңірлердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және мемлекеттік басқаруды жетілдіру	1 138 074
029	Сауда саясатын жүзеге асыру жөніндегі қызметтер	392 195
033	Астана экономикалық форумын өткізуді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	370 756
044	Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің күрделі шығыстары	15 300
225	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	37 924 161
014	Мемлекеттік сыйлықтар және стипендиялар	85 433
015	Ғылымды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік ұйымдардың күрделі шығыстары	650 957
055	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет	28 146 469
130	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін базалық қаржыландыру	9 041 302
406	Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті	1 144 405
001	Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылауды қамтамасыз ету	904 199
003	Қаржылық бақылау органдары кадрларының біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	111 901
004	Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу	88 567
005	Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің күрделі шығыстары	39 738
606	Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі	8 501 912
001	Статистикалық қызмет саласында және салааралық үйлестіруде мемлекеттік статистиканы реттеу жөніндегі қызметтер	5 302 199
002	Статистикалық деректерді жинау және өңдеу жөніндегі қызметтер	1 259 760
004	Мемлекеттік статистика саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер	950
006	Ұлттық санақ өткізу	1 180
007	Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің күрделі шығыстары	637 153
009	Статистикалық деректерді тарату жөніндегі қызметтер	77 818
011	«e-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру және дамыту	894 918

	012	Қазақстан Республикасының ұлттық статистика жүйесін нығайту	327 934
608		Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі	1 039 075
	001	Мемлекеттік қызмет саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру	872 159
	005	Республиканың мемлекеттік қызмет кадрларын тестілеу жөніндегі қызметтер	109 016
	009	Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің күрделі шығыстары	27 900
	015	Мемлекеттік қызмет саласында ғылыми зерттеулер және ғылыми қолданбалы әдістемелерін өткізу	30 000
619		Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі	4 799 604
	034	Тұрғын үй құрылыс жинақ салымдары бойынша сыйлықақылар төлеу	4 799 604
637		Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі	279 006
	001	Қазақстан Республикасы Конституцияның республика аумағында жоғары тұруын қамтамасыз ету	275 268
	002	Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің күрделі шығыстары	3 738
690		Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы	4 864 326
	001	Сайлау өткізуді ұйымдастыру	463 945
	002	Сайлау өткізу	4 393 726
	003	Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының күрделі шығыстары	6 655
694		Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы	19 687 131
	001	Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды тұлғаларының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	17 292 580
	009	Мемлекеттік органдар үшін автомашиналар паркін жаңарту	437 188
	017	Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының күрделі шығыстары	694 959
	020	Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Қорын қамтамасыз ету және толықтыру, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті - Елбасының жеке кітапханасы мен жеке мұрағатын сақтау	284 147
	023	Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Премьер-Министрі Кеңесінің және Президенті Іс басқармасының ақпараттық жүйелерін құру және дамыту	141 000
	024	Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының күрделі шығыстары	837 257
2		Қорғаныс	324 086 846
202		Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі	60 405 440
	001	Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру жөніндегі қызметтер	7 475 532

002	Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою	30 740 858
003	Төтенше жағдайлардан қорғау объектілерін салу және реконструкциялау	10 827 144
004	Өрт қауіпсіздігі саласында сынақтарды талдау және жүргізу	11 583
005	Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің күрделі шығыстары	511 007
007	Мемлекеттік органдар мен мекемелер мамандарын төтенше жағдай ахуалында іс-әрекет жасауға даярлау	22 133
008	Әскери қызметкерлерге тұрғын үй алу	137 310
009	Төтенше жағдайлар саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер	54 053
011	Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің ведомстволық бағыныстағы мекемелерінің күрделі шығыстары	10 283 526
017	Төтенше жағдайлар министрлігі жүйесінің мамандарын шетелдің оқу орындарында даярлау	42 294
020	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне халықты, объектілер мен аумақтарды дүлей табиғи зілзалалардан қорғау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге берілетін ағымдағы нысаналы даму трансферттері	300 000
208	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі	258 990 756
001	Қорғанысты және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін ұйымдастыру саласындағы мемлекеттік саясатты айқындау және іске асыру жөніндегі қызметтер	1 952 733
002	Қарулы Күштердің автоматтандырылған басқару жүйесін құру	4 036 580
004	Қарулы Күштердің объектілерін салу	15 152 627
006	Салааралық мемлекеттік бағдарлама шеңберінде қару-жарақ, әскери және өзге де техниканы, байланыс жүйелерін жаңғырту, қалпына келтіру және сатып алу	67 074 809
007	Қарулы Күштерді тылдық қамтамасыз ету	24 366 493
009	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің ведомстволық бағыныстағы мекемелерінің күрделі шығыстары	756 045
010	Арнайы қызметті қамтамасыз ету	7 175 327
013	Сыртқы саяси мүдделерді қамтамасыз ету	739 596
014	Әскери қызметшілердің тәрбиелік және моральдық психологиялық даярлығын арттыру	440 074
015	Әскер жасына дейінгілерді әскери-техникалық мамандықтар бойынша даярлау	236 507
016	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің күрделі шығыстары	5 801 816
019	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлік әзірлігін арттыру	128 182 150
021	Әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету	2 938 858
090	Қорғаныс саласындағы зерттеулер	137 141
678	Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы	4 690 650

	001	Күзетілетін адамдардың, объектілердің қауіпсіздігін және дәстүрлі рәсімдердің орындалуын қамтамасыз етуге қатысу	4 440 650
	002	Республикалық ұланның даму бағдарламасы	250 000
3		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	458 865 539
	104	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі	827 673
	002	Мемлекеттік органдарда және мекемелерде ақпаратты техникалық қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	49 348
	003	Мемлекеттік мекемелерді фельдъегерлік байланыспен қамтамасыз ету	698 554
	004	Ведомстволық бағыныстағы мекемелердің күрделі шығыстары	46 875
	005	Ақпараттық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік органдар мен мекемелердің мамандарын даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі қызметтер	32 896
	201	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі	188 108 452
	001	Қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында мемлекеттік саясаттың іске асырылуын ұйымдастыру және айқындау жөніндегі қызметтер	38 350 347
	003	Қылмыстық процеске қатысатын адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету	131 863
	004	Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша ішкі әскерлердің қызметтері	40 356 074
	005	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	587 134
	007	Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік және қылмыстық-атқару жүйесі объектілерін салу, реконструкциялау	5 183 769
	008	Деректер берудің спутниктік желісі мен телефонияны жаңғырту және дамыту	330 755
	009	Облыстық бюджеттерге және Алматы қаласының бюджетіне қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік құрылысына берілетін нысаналы даму трансферттері	2 246 073
	010	Қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	16 664 684
	015	Жеке куәлік құжаттарын дайындау	7 982 530
	016	Жүргізуші куәліктерін, көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттар, нөмір белгілерін дайындау	4 008 955
	017	Жедел-ізвестіру қызметтерін жүзеге асыру	6 730 167
	018	Ақы төлеуден босатылған адамдарға адвокаттар көрсететін заңгерлік көмекке ақы төлеу	438 731
	020	Нашақорлықтың және есірткі бизнесінің алдын алу жөніндегі қызметтер	51 500
	022	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің күрделі шығыстары	8 188 956
	024	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ведомстволық бағынысты мекемелерінің күрделі шығыстары	2 879 677
	025	Заңсыз сақталған қаруды, оқ-дәрілерді және жарылғыш заттарды ерікті түрде өтемді тапсыруды ынталандыру	545 713

027	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ішкі әскерлерінің күрделі шығыстары	13 564 839
033	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне көші-қон полициясының қосымша штат санын ұстауға, материалдық-техникалық жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1 855 711
035	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне оралмандарды уақытша орналастыру орталығын және оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығын күтіп-ұстауға және материалдық-техникалық жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	149 190
040	Сотталғандарды, күдіктілерді және айыптаушыларды ұстау	29 243 587
041	Қылмыстық-атқару жүйесі органдарының және мекемелерінің күрделі шығыстары	5 553 087
043	Шығыс Қазақстан облысының облыстық бюджетіне Солнечный кентінде қазандық салуға берілетін нысаналы даму трансферттері	1 801 217
045	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	676 790
046	Алматы қаласының бюджетіне метрополитенде қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті күзетуді қамтамасыз ету бойынша Алматы қаласының ІІД қосымша штат санын ұстауға берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	365 892
047	Облыстық бюджеттерге, Алматы қаласының бюджетіне режимдік стратегиялық объектілерге қызмет көрсетуді жүзеге асыратын штат санын ұстауға берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	154 019
104	Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес	67 192
221	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі	24 096 797
001	Мемлекеттің қызметін құқықтық қамтамасыз ету	8 024 831
002	Сот сараптамаларын жүргізу	2 104 808
005	Адвокаттардың заңгерлік көмек көрсетуі	280 663
006	Нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттардың жобаларына, заң жобаларының тұжырымдамаларына ғылыми сараптама	2 226 872
007	Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау	6 096
009	Құқықтық насихат	79 775
013	Сот актілерінің орындалуын қамтамасыз ету	3 067 979
016	Тәркіленген және тыйым салынған мүлікті бағалау, сақтау және сату	98 171
022	Әділет органдарының күрделі шығыстары	1 182 147
047	Мемлекет мүдделерін білдіру және қорғау, сот және төрелік талқылаулар перспективаларын бағалау және жер қойнауын пайдалануға келісімшарттар және инвестициялық шарттар жобаларының құқықтық сараптамасы	6 712 620
055	Қазақстан Республикасының заң шығару институтының қызметін қамтамасыз ету	312 835

410		Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті	156 653 952
	001	Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету	143 566 587
	002	Ұлттық қауіпсіздік жүйесін дамыту бағдарламасы	13 084 365
	105	Республикалық бюджеттік инвестициялық жобалардың және концессиялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және оларға сараптама жасау	3 000
411		Қазақстан Республикасы «Сырбар» сыртқы барлау қызметі	8 261 416
	001	Сыртқы барлауды қамтамасыз ету	8 261 416
501		Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты	30 743 652
	001	Жоғары сот органының азаматтардың және ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңдық мүдделерін соттық қорғауды қамтамасыз етуі	2 252 911
	002	Қазақстан Республикасы сот жүйесі органдарының бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесін құру	294 643
	003	Сот процесіне қатысушы тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету	25 557
	004	Судьяларды тұрғын үймен қамтамасыз ету	966 955
	007	Сот билігінің жергілікті органдарының сот төрелігін іске асыруын қамтамасыз етуі	23 417 153
	009	Сот жүйесі органдарының күрделі шығыстары	766 415
	012	Сот жүйесі органдарының объектілерін салу	2 989 268
	013	Қазақстан Республикасында медиация институтын енгізу	30 750
502		Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы	28 222 074
	001	Қазақстан Республикасында заңдардың және заңға бағынысты актілердің дәлме-дәл және бірізді қолданылуына жоғары қадағалауды жүзеге асыру	17 604 806
	002	Криминалдық және жедел есеп жүргізу жөніндегі мемлекетаралық ақпараттық өзара іс-қимыл	1 458
	003	Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнаулы есепке алу комитетінің ақпараттық жүйесін құру	152 655
	004	Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының күрделі шығыстары	928 291
	006	Мемлекеттік органдарды, заңды тұлғаларды құқықтық статистика және арнайы есептер саласындағы есепке алу, статистикалық ақпараттармен қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	3 618 831
	008	Прокуратура органдары үшін объектілер салу, реконструкциялау	672 652
	009	Қылмыстық процестерге қатысушы тұлғалардың құқығы және бостандығын қорғауды қамтамасыз ету	82 305
	010	Қазақстан Республикасының құқық қорғау және арнайы органдары үшін ақпарат алмасу жүйесін құру	1 094 722
	011	Адвокаттардың тергеуге дейін және тергеуде заңгерлік көмек көрсетуі	5 565

	012	Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Астана қаласындағы әкімшілік ғимаратының құрылысына берілетін нысаналы даму трансферттері	4 060 789
618		Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы)	13 477 165
	001	Қоғамдық қатынастардағы және экономикалық қылмыстағы жемқорлық деңгейін төмендету	8 841 616
	002	Қылмыстық процеске қатысатын адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	288 909
	005	Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (қаржы полициясының) күрделі шығыстары	1 279 003
	007	Қаржы полициясы органдарының жедел-ізвестіру қызметі	3 054 885
	018	Адвокаттардың тергеуге дейін және тергеуде заңгерлік көмек көрсетуі	12 752
680		Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі	8 474 358
4	001	Мемлекеттер басшылары мен жекелеген лауазымды адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету	8 354 775
	002	Қазақстан Республикасының Президенті Күзет Қызметінің дамыту бағдарламасы	119 583
		Білім беру	421 738 064
104		Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі	46 409 221
	008	Шетелдік мамандарды тарта отырып, біліктілікті арттыру үшін мемлекеттік қызметшілерді оқыту бойынша қызметтер көрсету	107 200
	009	«Назарбаев Университеті» ДБҰ-на нысаналы салым	46 302 021
201		Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі	6 666 221
	021	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жүйесіндегі білім	6 635 136
	042	Қылмыстық-атқару жүйесі мемлекеттік мекемелері жалпы білім беретін мектептерінің педагог қызметкерлері штат санының берілуіне байланысты Алматы облысының облыстық бюджетіне және Алматы қаласының бюджетіне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	13 185
	053	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	17 900
202		Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі	588 870
	006	Жоғары кәсіптік білімі бар мамандар даярлау	588 870
208		Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі	9 906 439
	005	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында жалпы білім беру	354 706
	011	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімі бар мамандар даярлау	8 949 397
	017	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	602 336
212		Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі	23 719

	007	Ауыл шаруашылығы саласындағы білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	23 719
220		Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі	163 772
	042	Экономика саласындағы басшы қызметкерлер мен менеджерлердің біліктілігін арттыру	163 772
225		Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	327 139 718
	001	Білім беру және ғылым саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру	3 754 039
	002	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау және оқитындарға әлеуметтік қолдау көрсету	2 256 209
	004	Ғылыми зерттеулерді коммерцияландыру жобасы бойынша инновациялық жүйенің желілерін дамыту	1 016 201
	005	Білім және ғылым объектілерін салу және реконструкциялау	10 030 267
	008	Білім беру жүйесінің әдістемелік қамтамасыз ету	2 724 197
	009	Дарынды балаларды оқыту және тәрбиелеу	21 805 685
	010	Республикалық мектеп олимпиадаларын, конкурстарды, мектептен тыс республикалық маңызы бар іс-шараларды өткізу	539 554
	011	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	31 899 990
	012	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға және Алматы облысының облыстық бюджетіне, Алматы қаласының бюджетіне білім беру объектілерінің сейсмотұрақтылығын күшейту үшін берілетін нысаналы даму трансферттері	68 122 115
	017	Мәдениет пен өнер саласында мамандар даярлау	4 234 363
	020	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және оқитындарға әлеуметтік қолдау көрсету	78 228 497
	023	Мемлекеттік білім беру ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау	6 888 756
	028	«Болашақ» бағдарламасы шеңберінде шетелдегі жоғары оқу орындарында мамандар даярлау	15 435 019
	031	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	3 790 069
	033	Қазақстан Республикасы азаматтарының қазақ тілін білу деңгейін бағалау және білім сапасына сырттай бағалау жүргізу	1 319 391
	035	Білім беру ұйымдарының күрделі шығыстары	3 972 186
	036	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің күрделі шығыстары	28 802

044	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне қорғаншыларға (қамқоршыларға) жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап-бағу үшін ай сайын ақша қаражатын төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	3 887 212
045	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарының оқу-өндірістік шеберханаларын, зертханаларын жаңартуға және қайта жабдықтауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	2 425 000
049	Балалар мен оқушы жастардың адамгершілік-рухани білімі	104 166
050	Сенім білдірілген агенттердің білім беру кредиттерін қайтару жөніндегі қызметтеріне ақы төлеу	114 720
052	Орта және техникалық кәсіптік білім беру ұйымдарында электрондық оқыту жүйесін енгізу	15 939 656
053	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мектеп мұғалімдеріне және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиешілеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы мөлшерін ұлғайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	10 816 991
054	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне өндірістік оқытуды ұйымдастыру үшін техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының өндірістік оқыту шеберлеріне қосымша ақы белгілеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1 376 962
057	«Кәсіпқор» Холдингі» АҚ қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	597 115
060	«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ-на нысаналы салым	20 614 351
062	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ-ның оқу бағдарламалары бойынша біліктілікті арттырудан өткен мұғалімдерге төленетін еңбекақыны арттыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	232 613
064	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау және "Назарбаев университеті" ДБҰ қызметін ұйымдастыру жөніндегі қызметтер	12 383 611
065	Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі операторының қызметіне ақы төлеу	147 815
074	Техникалық және кәсіптік білімді жаңғырту	1 814 032
075	Астана қаласының бюджетіне М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетіне арналған Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ жатақханасының және Назарбаев Зияткерлік мектептерінің құрылыстарына жер учаскелерін алуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	157 267
079	Алматы облысының облыстық бюджетіне Еңбекшіқазақ ауданы Есік қаласындағы көз жанарының проблемалары бар балаларға арналған мектеп-интернатты ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	45 927

	086	Астана қаласының бюджетіне Астана қаласының Оқушылар сарайының құрылымындағы балалар мен жасөспірімдерге арналған Ұлттық интерактивті паркті жарақтандыру үшін берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	435 000
	104	Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес	1 940
226		Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі	26 193 499
	002	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау және оқитындарға әлеуметтік қолдау көрсету	633 128
